

Тоқымқағар

Тоқымқағар, халық рәсімі. Ауыл-үйдің қарттары жол жүрерде, сөйтіп жастар жағы бірыңғай болып ауылда қаларда немесе жас бала тұңғыш рет ажа мінерде «тоқымқағар» деп аталатын тамақ пісіріліп, дастарқан жайылады. Бір жағы жол жүрер үлкендердің жолының болуына тілектестік болса, екіншіден жас баланың азамат болғанына қуаныш білдіру белгісі болып табылады.

Жас адам жолға шыққанда жасалатын дәстүрлі бас қосу. Арнаулы мал сойылып, сыйлы мүшелер салынып ет асылып, кең дастархан жасалады, ойын-сауық, өлең, жыр айтылады. Бұл – сапарға шыққан жігіттің тоқымы жерде қалмасын, ат-көлігі аман келсін деген жақсы тілек білдірудің белгісі.



Тоқымқағар батасы

Ер баланың бір тойы,
Тоқым қағар білгенге.
«Жігіт болды» деген сөз,
Балан атқа мінгенде.
Мықты болсын тақымың.
Қуансын алыс, жақының.
Атқа қондың жігіт боп,
Толсын енді ақылың.
Алтыннаң болсын жүгенің.
Арғымақ болсын мінгенің.
Үзенгің болсын күмістен.
Талмасын атын жүрістен.
Жолдың алыс жақынын,
Атқа мінсен білерсің.
Кімнің алыс жақынын,
Отқа түссең білерсің.
Байлағаның ноқталы болсын.
Айдағаның жортпалы болсын.
Ақшан алтынмен болсын.
Ойың халқыңмен болсын.